Бекітемін:

«Ақжайық» бөбекжай-балабақшасының

меңгерушісі: Б. Сансызбаев

АШЫҚ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІ

«1 ҚЫРКҮЙЕК-БІЛІМ КҮНІ»

Тәрбиеші: Эркинова С

«Гүлдер» тобы

2024-2025 оқу жылы

Тақырып: «1 қыркүйек-Білім күні»

Мақсаты:

а) Балаларға 1-қыркүйек – білім күні жайында түсінік беру. Оқу құралдары мен таныстыру.

б) Байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үйрету.

в) Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Көрнекі-құралдар: Тақырыпқа сай суреттер. Әр түрлі түстегі шарлар және «Ғажайып қоржын» ойынына қажетті заттар.

Әдіс-тәсілдер: көрнекілік, сөздік, сұрақ-жауап.

Барысы: І. Кіріспе бөлім.

Естігенде көк аспанның астында,
Тік тұрындар айтылғанда Әнұран.
Бар қазақтың үніндей шарықта,
Шарықташы, Әнұраным, шарықта! Мемлекеттік гимн орындау.

Тәрбиеші: Қымбатты балалар. Құрметті ата–аналар мен ұжымдастар. Бүгінгі күн бәрімізге өте ерекше күн, алғашқы қоңырау соғылып, білімнің жаңа оқу жылы басталды. Алғашқы білім күні құтты болсын!

Балалар жадыраған жаз да аяқталып, жомарт күз келді. Бүгін күздің алғашқы күні 1-қыркүйек. Бұл ата-аналар үшін де,балалар үшін де,тәрбиеші үшін өте қуанышты күндердің бірі. Жаз бойы демалған оқушылар үлкен сағынышпен мектептеріне оралып жатса, сендер де өз жастарыңа лайықты білім алып, тәрбие алып жүрсіңдер.Білімге талпынған балапандар қанаттарың қатая берсін! Білім күні құтты болсын!

Тәрбиеші: Бүгінгі білім күні мерекесімен құттықтау сөзді «Ақжайық» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі: Сансызбаев Батырхан ағайға беріледі.

Жаңа білім күніңмен!
Білім күні – мереке,
Ән салсамда әдемі.
Туған тілім – береке,
Сөз арнасам кәделі!- дей отырып, келесі кезекті «Гүлдер» тобының өлең шумақтарына берсек.

1. Кел балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық,
Оқысаңыз балалар
Шамнан шырақ жағылар,
Тілегенін алдынан
Іздемей –ақ табылар. АЛИ

2.Шырылдаған тынам алмай,
Қоңыраудын үні қандай,
Мақсатына жетеме адам,
Оқу оқып білім алмай. МАДИНА

3.Қиындықтан өтуге,
Армандарға жетуге,
Білім алам ерінбей
Еліме қызмет етуге. ДИНМҰХАММЕД

4.Білім менің ертеңім
Өсу үшін өркенім
Жүзем оқу айдынында
Жайып білім желкенін. ЧАРОС

II. Негізгі бөлім.

Тәрбиеші:
Жаңа киім үстімде,
Мақтанғымда келеді.
Білім тойы үстінде,
Шаттанғымда келеді! Дегендей бүгінгі ересек «Гүлдер» тобына келетін балалардың жүздері бал - бұл жайнап тұр. Ендіше ортада «Гүлдер» тобының орындауында
«Алға Қазақстан» патриоттық би

Жүргізуші:
Ұстаздар – ұлттың тірегі,
Ұстаздар – білім жүрегі,
Ұрпаққа жеттер ұстазбен,
Халықтың ұлы тілегі. Келесі кезекті балапандарымыздың жаттаған өлең шумақтарына берсек.

1. Балабақша есігін
Үшке тола ашқанбыз
Балапандай мәпелеп
Өсіруде бақшамыз. СУХРАБ

2. Білім алған өзіңмен
Дәрігер, ұшқыш, не ғалым
Саған ыстық сезіммен
Қарайды жұрт, мұғалім. НУРМУХАММАД

3. Қыркүйектің бірінде
Кеудем толы дірілге
Құлақ түйем елендеп
«Бақша» бір күнге. САФИНА

4. Өсті міне бойымыз
Өсті міне ойымыз
Қуанышқа ортақпыз
Құтты болсын тойымыз. ДИЛНУР

Тәрбиеші: Бүкіл елде басталып бүгін жыры,
Бақ қоңырау шақырар ұғымдыны.
Білім — ғылым бастауы, мерекелі
Құтты болсын бүгінгі Білім күні!

Ойын: «Ғажайып қоржын»

Ойын шарты: Ғажайып қоржын беріледі. Ішінде бірнеше ойыншықтар және оқу құралдары бар. Сол заттардың ішінен оқу құралдарын бір бөлек, ойыншықтарды бір бөлек жинап алу керек.
Ойын мақсаты: Балаларды оқу құралдары мен таныстыру және балалардың ұсақ және ірі қол моторикасын дамыту.

III. Қорытынды бөлім.

Тәрбиеші:

Шырылдаған тыным алмай
Қоңыраудың үні қандай!
Мақсатына жете ме адам
Оқу оқып, білім алмай?!
Ғылымның көп тас қамалы
Ғалымдық та асқаралы
Бар білімнің нұр бастауы
Балабақшадан басталады!

Тәрбиеші: Міне, балалар, осы күннен бастап бізде күнделікті оқу қызметіміз, қызықты да көп нәрсеге үйренетін күндеріміз басталды. Әрқашан бүгінгідей жақсы көңілмен, барлығын үйренеміз. Бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатысқандарың үшін көп рахмет. Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге бүгінгі ерекше, жайма шуақ күні жақсы көңіл күй, жаңа жетістіктер мен ұдайы ізденіс, шығармашылық, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілеймін! Бүгінгі күн Сіздер үшін үлкен үміттер күні болсын!

Бүгінгі 1-ші қыркүйек – білім күніне арналған оқу қызметіміз осымен аяқталды. Сау болыңыздар!!!

Тексерілді.

1 ҚЫРКҮЙЕК "БІЛІМ КҮНІ"!





ЖШС-гі «Ақжайық» бөбекжай балабақшасы

Меңгеруші: Б.Сансызбаев

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет

«ҚАЗАҚСТАН – ТУҒАН ЕЛІМ, ҰЛЫ ӨЛКЕМ»

Тәрбиеші: Эркинова С

«Гүлдер» тобы

2024-2025 оқу жылы

25 қазан – Республика күні

Тақырыбы: «Қазақстан – туған елім, ұлы өлкем»

Мақсаты:

1. Балалардың Отан, Қазақстан, туған жер туралы түсініктерін кеңейту.
2. Балаларды Отанды сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған еліне деген сүйіспеншілігін арттыру.
3. Балаларды достыққа, адамгершілікке, саналыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, әңгімелеу.

Көрнекілігі: Тулар, шарлар,Тақырыпқа сай суреттер. Қазақстан Республикасының рәміздері.

Барысы: Кіріспе бөлім.

Кенге толы қойнауы
Төлге толы жайлауы
Ол- біздің Қазақстан!
Анамыздай тілеуі- ақ
Отан бізде біреу-ақ,
Ол біздің Қазақстан!
Қайырлы күн Қазақстандықтар!
Балалар бүгінгі іс-әрекетіміз ерекше болғалы тұр ендеше әнұранмен бастайық.
«Әнұран»

Тәрбиеші: Біз бүгін **«Қазақстан – туған елім, ұлы өлкем»** тақырыбында тәрбие сағатын өткелі отырмыз.

- Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады екен?
- Қазақстан
- Қазақстан жері қандай?
- Қазақстан жері үлкен, әдемі әрі бай
- Дұрыс айтасыңдар, балалар. Қазақстан жері батыстан шығысқа қарай 300 000 шақырымға, солтүстіктен оңтүстікке қарай 1700 шақырымға созылып жатыр. Біздің еліміз – жерінің кеңдігімен қатар, табиғи байлығы да мол мемлекет. Өріс толы малы, дала толы аң-құсы, таусылмас кең байлығы да жеткілікті, мол. Осы айтылған ойларымыздың дұрыстығына көз жеткізу үшін Отан туралы өлең шумақтарына кезек берейік.

Анара:

Отан – сенің ата - анаң,
Отан – досың, бауырың
Отан - өлкең, астанаң
Отан – аудан, ауылың.

Мариям:

Отан – атам, Отан - әкем
Осы сөзім қате ме екен?
Қате болса неге біздер
Дейміз оны атамекен,

Негізгі бөлім

Отан дегеніміз - адамның туып өскен жері, туған-туысқандарымен, жақындармен бірге тұратын ата мекені. Қазақ елінде тұратын адамдардың отаны-Қазақстан Республикасы.

Қазақстан - Туымен тұғырлы,

Елтаңбасымен еңселі,

Әнұранымен Айбатты.

Балалар, 1992 жылы 4 маусымда жаңа мемлекеттік рәміздер – Елтаңба, Ту, Әнұран бекітілді. Міне, бүгінгі таңда Қазақстан өз алдына Тәуелсіз мемлекет. Біздің өзіміздің Туымыз, Елтаңбамыз, Әнұранымыз бар. Егеменді Қазақстанбыз. Балалар Қазақстан туралы өлеңдер оқып, жақсы мақал-мәтелдер айту,елімізді, жерімізді мадақтау бүгін біздің еншімізде. Ендеше өнерімізді ортаға салайық.

Али

Әнұраным, жан ұраным
Айтар әнім, сөйлер сөзім
Туған жерім сағынарым
Мәңгі - бақи шырқалады
Республикам, Әнұраным

Мадина

Елтаңбасы елімнің
Неткен көркем, әдемі
Тұнығындай көңілдің
Ортада аспан әлемі.

Динмұхаммед

Жарасқан байрақтың мәні бар
Көк аспан, көк қыран сәні бар
Көк байрақ ашық көк кеңісін
Алтын күн – белгісі жеңістің.

Тәрбиеші: Ал, балалар біз Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері мен таныс болдық. Ендіше алдарында бөлшектенген суреттер тұр. Сол суреттерді жинақтайық.

Тәрбиеші: Балалар арайлаған таңды сүйетін кім?
-Мен
Алтын сәулені сүйетін кім?
-Мен
Жарын даланы сүйетін кім?
-Мен
Ата-ананы сүйетін кім?
-Мен
Досын сүйетін кім?
-Мен
Болашағы елімнің кім?
-Мен

Балалар енді «Ғажайып қоржын» ойынын ойнайық.

Қоржын ішіне жасырылған сұрақтарға жауап беру.

Балаларды мадақтау.

-Балалар! Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы екен. Отансыз адам болмайды. Отанымыз көркейіп, гүлдену үшін біз көп еңбектенуіміз керек. Еңбектену дегеніміз білімді,тәртіпті болуымыз.

Енді балалар тәрбиеленіп жатқан бала бақшамыз туралы
Тақпақ айтып жіберейік.
Бала бақша есігін,
Үшке тола ашқанбыз.
Балапандай өсіріп
Мәпелейді бақшамыз.
Балалар бүгінгі ашық тәрбие сағаты ұнады ма?

Қорытынды: Байтақ дала жерім менің
Арта берсін даңқың сенің
Көк байрағың желбіресін
Егеменді елім менің – дей отырып,
Құрметті қонақтар, балалар осымен Республика күніне арналған
«Қазақстан – туған елім, ұлы өлкем» атты ашық ұйымдастырылған іс-әрекетіміз аяқталды.

Тексерілді.

25-қазан Республика күні







БЕКІТЕМІН:
ЖШС-гі «Ақжайық» бөбекжай-балабақшасы
Меңгерушісі: Б. Сансызбаев

ЕРТЕҢГІЛІК

Тақырыбы: **«Алтын күз»**

«Гүлдер» тобы

Тәрбиеші : С.Эркинова

2024-2025 оқу жылы

Алтын күз

Мақсаты:Балалардың күз туралы білімдерін жетілдіру,

ойлау қабілеттерін арттыру, ой –өрістерін дамыту.

Тәрбиеші:Армысыздар,халайық,

Бармысыздар,халайық.

Күзгі тойды жұп жазбай,

Бірге қарсы алайық.

Сәлеметсіздерме,құрметті ата-аналар,қонақтар.Бүгінгі біздің жыл мезгіліндегі ең тамаша «Алтын күз» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер.Сахна төріне «Ақжайық» бөбекжай балабақшасының мектеп алды даярлық «Аққөгершін» тобының тәрбиеленушілерін шақырамын.

Хор:Күзгі бақта

Тәрбиеші:Тілегім аман болсын ел іргесі,

Алтын күз қайта келді берекесі.

Молшылықтың жаршысы бола білді,

Алтын күз-ырыс,береке,бірлік ала келді.

Егінші:Сәлеметсіздер **ме?**қонақтар.қар еріп,көктем шығысымен кетпенімді қолыма алып,өз жұмысымды бастаған едім.Ала жаздай еккен егінімді күтіп –баптап,енді еңбектің жемісін көретін кезде келді және оны сіздермен бөлісуді жөн санап,өзіммен бірге ала келдім.

Тәрбиеші:сәлеметсіз бе?Рахмет сізге егінші мырза.Олай болса бүгінгі мерекемізге қош келдіңіз.

Тәрбиеші:Бұлттар төгіп ,жерге шөгіп ,

Дымқыл тұман басады.

Шөп сарғайып ,өңі тайып,

Дала сұры қашады,

Бой жаза алмай,ойнай алмай.

Денең мұздап тоңады.

Бөбектерім айтыңдаршы

Бұл қай кезде болады.(күз)

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі ?

-күз мезгілі

-дұрыс айтасыңдар балалар.

-мінекей күзде келіп жетті

-күзде қандай өзгерістер,құбылыстар болады?

-күн суыта бастайды,адамдар жылы киінеді.Құстар жылы жаққа ұшып кетеді.

-жаңбыр жиі жауады.

Тәрбиеші:Шоғы толған гүлдей жайнап

Шақырады жарқын күз

Сайрандаған күліп ойнап
Келді міне алтын күз.

Күз мезгілі:
Көңіл шіркін күңіренген күзбенен,
Бірақ жаным содан жылу іздеген.
Ақ параққа қара сия төгіліп,
Жазылады жүректегі ізгі ән.

Сәлеметсіздерме?мен күзбін.Өте еркемін.сәл нәрсеге ренжіп,бұртиып қабағым түйіп,көз жасымды аямай төгіп аламын.Менің ақ пейілділігім бәріне ұнайды.

Тәрбиеші:Сәлеметсіз бе!Күз ханшайымы.мерекемізге қош келдіңіз.қонағымыз болып,балалардың өнерін тамашалаңыз.Балаларымыздың сізге дайындаған өлең шумақтарын қабыл алыңыз.

Имран:Жұлдыз туып таң алды,
Әнге орап ғаламды.
Сазды әуен шаттыққа
Бөледі бар адамды.

Мустафа:
Ән салыңдар,күліңдер
Жайнап гүлдей жүріңдер.
Күздің тойын тойлайық,
Би билейік ойнайық.

Мадина:

Күздің таңғы самалы,
Құстар әнін қайталап.
Алтын-сары жапырақ,
Жерге қонар сап-сары.

Чарос

Күн суытып,
Жапырақтар түседі.
Астық-жеміс жиылды,
Қамбамызға құйылды.

Муслима

Күздің қазан айында,
Алма,алмұрт піседі.
Жапырақтар сарғайып,
Сыбдыр-сыбдыр етеді.

Дурдоно

Құстар көкте қанат қағып,
Қоштасып тұр бізбенен.
Күздің салқын күндері,
Кет3п барады үнсізден.

Али

Қуандырып біздерді,
Кел жемісті алтын күз.
Өлкемізге күз келді.
Кемелденсін өлкеміз.

Тәрбиеші:

Өнім биыл тамаша,
Көз тоймайды қараса.
Сәбіз картоп,кәдеш пен
Қып қызыл піскен қызанақ
Қырыққабатқа қарашы
Көкеністер бір кезде
Жиыла қалып дауласты

«Көкеністер дауы» көрініс

Көкеністер хор:
Жиналып қалып бәріміз
Қайсымыз ең дәмдіміз
Ішімізден адамға
Тиеді көп пайдамыз.

Тәрбиеші:

(мақтаншақ бұршақ ортаға жүгіріп шықты)

Бұршақ:Расул

Кішкене түймедеймін мен,
Ұяламын мен бәрінен.
Дәмді тағамдарыммен
Сый жасаймын бәріңе.

Тәрбиеші:Ызаланғаннан қызылша қып-қызыл болып кетті. **Қызылша:Мадина**
Ақ түсім бар қант алар,
Қызыл түсім қанға нәр.
Зияным жоқ біліп қой,
Қызылшамын пайдам бар.
Менде бір сөз айтайын,
Мақтанайын сіздерге.
Менсіз борщ болмайды,
Винегретте үстелде.
Қырыққабат:Айзере
Бақшаларда тізіліп,
Қаперсіз мен жатамын.
Қабат-қабат киініп
Қырыққабат атандым.
Сәбіз:Дурдоно
Кім бар сәбіз шырынын,
Жастайынан ішпеген.
Мені жеген адамдар,
Кем болмайды өскенде.

Қызанақ:Айлин
Тал шыбығым буралып,
Бақшаларда қызарып.
Тұрған ол мен қызанақ,
Күнге қарап ұялып.
Қияр:Анара
Көптен ерте шымырлап
Өсемін мен бүр жарып.
Атым қияр теріп ал
Жиі-жиі сұғарып.
Картоп :Рамазан
Картоп біздің атымыз,

Жер астында жатамыз.
Бір тамырдан тараған,
Ағайынбіз бәріміз.
Мен ұялшақ картоппын,

Мен емеспін мақтанар.
Мені жақсы көреді
Үлкендер мен балалар.
Қауын:Каусар
Иісім жұпар аңқыған,
Бақшадағы шырынмын.
Жеп көргендер тамсанған,
Балдай тәтті қауынмын.
Пияз:Озодбек
Боламын мен дәмдеуіш,
Барлық-барлық тағамға.
Көкеністер ішінен,
Мен пайдалы адамға.
Асханадан шықпаймын,
Атым пияз бұқпаймын.
Көзден жасты шығарып,
Тұмаудан бірақ сақтаймын.

Айболит:Жасур
Бос сөзді қояйық
Дауласуды тоқтатайық.
Көкеністер бәріде,
Денсаулыққа пайдалы.
Сондықтан бірге жүріңдер,
Оданда биді көріңдер.
Келесі кезекте вальс би көріп тамашалаңыздар.

Тәрбиеші:Балалар енді мен сендерге жұмбақ жасырайын:

1.қызыл сары кемелер

Су бетінде қалқанды.

Соқса егер қалқиды,

Ырғалады,толқиды.

(Жапырақ)

2.Жаздай інге тығылған,

Жатқан қызыл түлкіні.

Құйрығынан суырып,

Әкелді әжем бір күні. (Сәбіз)

3.Үстіне тігіп көк шатыр,

Астында қызыл дәу жатыр.қызылша

4.Жайлы жұмсақ төсегім,

Домаланып өсемін.

Қабат-қабат тоным бар.

Қалай оны шешемін.қырыққабат.

5.Қаздың тағы түйірлеп,

Қазып алдың үйірлеп.(картоп.)

Тәрбиеші:Жарайсыңдар.ой балалар бізге нелер жетіспей тұр білесіңдер ме?

-ия әрине жемістер

-олай болса сахна төріне жемістер шақырамыз.

Жүзім:Шамсиддин

Іші толған шарбат

Дәмі сондай айбат.

Үзесің бірден үзіп,

Менің атым жүзім.

Өрік:Мустафа

Дөп-дөңгелек сары,

Ішінде бар дәні.

Қызығасың көріп,

Оның аты –өрік

Шабдалы:Зехра

Пісетін кезі дәл күзде,

Мезгілсіз оны үзбе.

Аузыңнан кетпес бал дәмі.

Оның аты –шабдалы.

Жаңғақ:Имран

Сырты қандай қатты,

Дәмі оның тәтті,

Шағып қара таңдап,Оның аты –жаңғақ.

Шие:Сафина

Бір сабақта көп түйме,

Жей алмайсың көк күйде.

Санап қара қанша,

Оның аты- шие.

Құлпынай:Нурмухаммад

Жапырақты тасалап

Өсетін жері бақша-бақ.

Күрең қызыл шіркін-ай

Оның аты құлпынай

Алма:Мариям

Пісіп тұрған алмамын,

Тамсандырар бал дәмім.

Жерге сілкіп түсірме,

Ісіп кетер маңдайым.

Тәрбиеші:Ой неткен керемет ал балалар келесі кезекте біздің топтың жігіттері дайындаған флешмобын тамашалаңыздар.

Тәрбиеші:Келесі кезекте балалар күз туралы ақындарымыз өлең шумақтарын бізге мура қылып жазып кеткен екен.солардан үзінді тыңдайық.

Нурмухаммад:Күз.Қалқаман Сарин

Күңіренген,күрсінген күздің ауыр

Мінезіне үйренген біздің ауыл.

Бұйра шашын көтеріп қырт-қырдың

Берекесін бір сәтте бұзды дауыл.

Жанарымда жабырқап жаз жылады,

Жылағаны емес пе?қаздың әні

Қайран менің жүрегім,қайтқан құстың

Қанатына үзілген сазды ұғады.

Мадина:Күз белгісі

Күз белгісі,тал жапырақ сарғайған,

Жел еседі гуілдеп кеп шалқайған.

Боз қыраулар ізін салған бұтақтан,

Ән естіледі шырылдаған торғайдан.

Үн қатады тылсым күз тықырлап,

Аласұрып жаздың тағын сиқырлап.

Сан алуан шимайлаған бояуын,

Құйып жатыр құйын келіп ұрғылап.

Жарайсыңдар балалар өз орындарыңа баруға рұқсат.

Тәрбиеші:

Шаршауды біз білмейміз,

Көңілді би билейміз.

Әсем сазды ән салып.

Би билеуге дайынбыз деп сахна төріне біздің бір топ қыздарымызды «**Париж**» биімен шақырамыз.

Егінші:

Керемет балалар сендер өте ақылды,өнерлі,білімді екенсіңдер енді балалар мен сендер мен ойын ойнағым келіп тұр ойнаймызба?

-Ияя

Егінші:Ойынның атауы «Дәмінен ажырат»

Ойынның барысы:балалардың көздерін байлап алдарына жеміс көкеністер алып келінеді дәмін көріп ол не екенін айтып беру керек.

Тәрбиеші:Балалар енді бақшамызға барайықшы ,көңілі көтерілді ме екен,сұрайықшы.Бақша сенің көңіліңді көтере алдықпа?

Бақша:Ия,балалар мен енді көңілді жүремін.сендер мені қуанттыңдар.бірақ менің тағы бір шартым бар.маған енді бір ойын ойнап берсеңдер мен оданда қатты көңілді жүретін боламын.

Тәрбиеші:

Сынбатына сән киім жарасатын,

Аспандағы айменен таласатын

Өнеріне сай келіп,дайын тұрған

Қыздарымызға қызығып қарасатын –деп сахна төріне **«Аққөгершін » тобының** сұлуда,сымбатты қыздарын шақырамыз.

Марапаттарды табыстау үшін сахнаға «Ақжайық» бөбекжай бала бақшасының меңгерушісі Б.**Сансызбаев мырзаны шақырсақ.**

Тәрбиеші:Берекесін сыйлауға,
Өлкемізге күз келді.
Жемістерін жинауға,
Шақырады біздерді-деп келе ,құрметті бүгінгі кешімізге жиналған қонақтар,ұстаздар және ата-аналар,алтын уақыттарыңызды бөліп біздің ертеңгілімізге келгендеріңізге көп рахмет алғысымызды білдіреміз.Келесі кездескенше сау-сәламат болыңыздар.

Алтын күз







БЕКІТЕМІН:
ЖШС-гі «Ақжайық» бөбекжай-балабақшасы
Меңгерушісі: Б. Сансызбаев

ЕРТЕҢГІЛІК

Тақырыбы: «16 Желтоқсан Тәуелсіздік күні»

«Гүлдер» тобы

Тәрбиеші : У.Хакимова

2024-2025 оқу жылы

16 ЖЕЛТОҚСАН – ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ АРНАЛҒАН
«ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМ — ҚАЗАҚСТАН» атты ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті

Мақсаты :
1. Білімділігі: Балалардың бойында Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, өз еліміздің даму тарихы туралы танымдарын қалыптастыру. Ұлттық сана сезімін, саяси сауаттылығын ояту. Тәуелсіздік күні туралы терең мағлұмат беру. Тәуелсіздік үшін күрескен, желтоқсан құрбандарын еске түсіріп, желтоқсан құрбандарының ерлігі жайында түсіндіру.

2. Тәрбиелігі: Қазақстанның болашақ дамуына өзіндік үлес қосатын жеке тұлға екендерін ұғындыру. Қоғамның бір мүшесі ретінде адам өмірі мен жақсы тұрмыстық құндылықтарын ұғындыру, жауапкершілік сезімдерін ояту. Оқушыларға патриоттық тәрбие беру, Отанды сүюге және ерлікке баулу. Желтоқсан оқиғасында ел қамын жеген ерлерді үлгі тұту, өнеге алуға және халқының тарихын білуге үйрету, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

3. Дамытушылығы: балалардың өткен тарихқа деген қызығушылығын ояту.
Көрнекілігі:
1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Туы, Елтаңбасы, Әнұраны, Н.Ә. Назарбаевтың портреті, желтоқсан құрбандарының суреті. Жалаушалар.
2. Нақыл сөздер жазылған плакаттар.
3. Шарлар, гүлдер, музыкамен жабдықталған.

Тәрбиеші сөзі:
Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар, ұстаздар және балалар. Біздің тобымыздың «Тәуелсіз елім – Қазақстаным" атты ашық ұйымдастырылған іс-әрекетіне қош келдіңіздер! -Бүгін біз Қазақстанымыздың Тәуелсіздік алған күнін тойлағалы отырмыз. Бәрімізге мейрам құтты болсын!!!
Сәлемдесу рәсімі

Армысың, алтын күн,

Армысың, Жер Ана,

Армысың, көк аспан,

Армысың қонақтар,

Армысың, достарым!

Әнұран айтылады.

Тәрбиеші сөзі:

Біз тәуелсіз елдің түлегі болғанымызға шексіз қуанамыз. Біздің отанымызды әлем таныды. Осы сәтте Отан туралы еріксіз ойға берілесің. Бұл ұғымның аясы кең. Отан – далаң, орман, тауың, ауылың мен астанаң.

Отан әр жұмыр басты пенденің киелі мекені, жер басып жүрген әр тіршілік иесінің шексіз байлығы. Тәй-тәй басқан нәресте де, еңкейген қария да оның бір мүшесі.

-Біздің балаларымыздың «Отан» туралы өлең шумақтарын тыңдаңыздар.

Али:

Кең жазық Отан мекенім,
Сен де өсіп көктедім
Сені қорғау парызым,
Мұны біліп өтемін.

Сафина:

Менің туған ауылым,
Туған жерім, мекенім.
Өскен жерім Арасан,
Жарқырасын жұлдызың.

Мариям:

Ұлан байтақ жері бар,
Пайдалы қазба кені бар.
Тәуелсіз ел — Қазақстан
Көркіне көркі жарасқан.

Мустафа:

Отаным менің Қазақстан
Мәңгілік сенімен мақтанам
Саяңда жүрсем әрдайым
Күлімдеп жүрем бақ табам.

Имран:
Тәуелсіз азат елім,
Туып өскен- байтақ жерім.
Мәңгі жайнап тура бер
Қазақстаным менің!

Нурмухаммад:
Отаным менің Қазақстан
Қарызбын саған әрқашан
Азаматтық борышты
Өтеуге мәңгі талпынам.

.

Мариям:
Отаным менің Қазақстан
Атыңнан сенің айналам
Бас иіп саған өтемін
Жасай бер жаса Қазақстан.

Тәрбиеші сөзі:
Қазіргі кезде сендер ашық аспан, жарық күн сәулесі түсіп тұрған мемлекетте өмір сүріп жатырсыңдар.
Қазақ халқы еркіндікке жету үшін қаншама қиын – қыстау кезеңдерді бастан кешірді. Мыңдаған жылдық тарихы бар. Ал, 1986 жылғы оқиға халықтың есінде мәңгі сақталады.
16 – желтоқсанда қазақ жастары Орталық алаңға шығып, Қазақстан тәуелсіздігін талап етті.
Бұл күн — Қазақстан тарихында тәуелсіз Қазақстан Республикасының туған

күні деп алтын әріппен жазылды. Сондықтан да желтоқсан бүкіл халықтық мереке.

— Балалар, біз осы тәуелсіздікке оңайлықпен қол жеткізген жоқпыз. Оның бір көрінісі желтоқсан оқиғасы.
Желтоқсан оқиғасында ерен ерлігімен көзге түскендер өте көп, солардың бірі – Қайрат Рысқұлбеков, Сәбира Мұқанова, Ләззат Асанова сынды апа – ағаларымыз ерлік көрсетті.. Оларға үлкен айып тағылды.
Қазір сіздердің назарларыңызға желтоқсан оқиғасында әділдік үшін күрескендердің жандардың көрінісінен үзінді тамашалаңыздар.

КӨРІНІС

Тәрбиеші сөзі:

Осыдан 36 жыл бұрын, яғни 1986 жылы Алматының бас алаңына жастар жаман оймен барған жоқ. Олар бейбіт жолмен тәуелсіздікке қол жеткізу үшін қатысқан.
Енді міне, осы желтоқсан көтерілісіне қатысқан ағаларымыз бен апаларымыздың арқасында ата-бабаларымыз үш ғасырға жуық уақыт бойы армандаған тәуелсіздікке қол жеткіздік.
Бас алаңда ел жосқан,
Жастар қаны жуған түн.
16 желтоқсан-
Тәуелсіздік туған күн!

-Міне, балалар, бүгінгі таңда Қазақстан тәуелсіз мемлекет. Біздің өзіміздің туымыз, елтаңбамыз, әнұранымыз бар. Егеменді Қазақстан мемлекетіміз. Сендер Отанымыздың ұрпақтарысыңдар. Жақсы оқып,үлгілі, тәртіпті болыңдар. Өз елің мен жеріңді көркейтіп, қазақстанның намысын қорғайтын келешек ұрпақтың ақылшысы, тірегі сендер болмақсыңдар.

Он алтыншы желтоқсан
Ел мерейі тасыған
Қазақ деген қалың жұрт
Бәрін кешті басынан

Он алтыншы желтоқсан
Тәуелсіздік алған күн
Ерекше боп мәңгілік
Ел жадында қалған күн

Көк аспанда тулардың
Желбіреген күні — бұл,
Елім деген ұлдардың
Елжіреген күні — бұл.

Әділеттің ұраны,
Ақиқаттың шырағы.
Тыныштықтың туы боп,
Зор салтанат құрады.

Дүбірлетсін өңірді
Дүбірлесін дүлділі.
Қазақ деген елімнің
Құтты болсын бұл — күні!

.

Тәрбиеші: біздің балаларымыз «Сарбаздар» биін билеп берсін.
Би: «»

Тәрбиеші: Отан туралы өлең оқып беру
«Болса екен қазақ баласы»
Ертеңі өсіп елімнің
Сабырлысы болса екен
Ар-ұятты айбатты
Азулысы болса екен
Батыл, берік орнықты
Байсалдысы болса екен
Алғыр, зерек, мейрімді
Ақылдысы болса екен
Тапқыр, шешен талапты

Өнерлісі болса екен
Ойшыл, өткір, дарынды
Білімдісі болса екен
Сергек, іскер, сезімтал
Саналысы болса екен
Парасатты намысты
Отаншылы болса екен
Болса екен қазақ баласы
Ел ішінде өсетін
«Қайсарлығы қалтқысыз Махамбет қой» – десетін
Ізгіліккке леп едім
Жақсылыққа сеп едім
Тәуелсіз елдің ертеңін
Осылай көрсем деп едім — деп осындай отаншыл бүлдіршіндеріміз аман – есен өсе берсін.

Олай болса балалар, «Біз бақытты баламыз» әнін бірге шырқайық

Ән: «Көк тудың желбірегені»

Тәрбиеші: Ал, құрметті қонақтар осындай әдемі тілектермен, әндерімізбен бүгінгі ертеңгілігімізді аяқтаймыз. Сіздерге тағыда мейрамдарыңыз құтты болсын. Аспанымыз ашық болып, Қазақстанымыз гүлдене берсін!

БЕКІТЕМІН:
ЖШС-гі «Ақжайық» бөбекжай-балабақшасы
Меңгерушісі: Б. Сансызбаев

ЕРТЕҢГІЛІК

Тақырыбы: «Жаңа жыл»

«Гүлдер» тобы

Тәрбиеші : С.Эркинова

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы:Қош келдің -Жаңа жыл!!

Мақсаты: Балаларға Жаңа жыл мерекесі туралы мағлұматты жетілдіру.

Жаңа жыл мерекесінің қызықтарын, әдемі көріністерін тамашалау арқылы қоршаған ортаға қызығушылығын арттыру.

Балаларды бір - біріне деген достық сезімге, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
Қажетті құралдар: Жаңа жылдық шырша, ертегі кейіпкерлері, ойын құралдары

Әдіс – тәсілдері: Ән айту, би билеу, ертегі көріністерін сахналау.

Зал -Жаңа жыл мерекесіне сай безендірілген.

Жүргізуші: Құрметті біздің бөбектеріміз, қонақтар, ұстаздар! Барлығыңызда бүгінгі ,Жаңа жылдық шырша тойына қош келдіңіздер! Бүгінгі шыршамызға сән беретін мерекелік шеруімізді бастайық!

(Мерекелік әуен ойналып балалар кіреді. Балалармен ертегі кейіпкерлері сиқыршы, гномдар, ескі жыл жолбарс кіреді.)

1-жүргізуші: Әрбір адам Жаңа жылдан жаңалық күтіп, үмітпен қарайды. Осы мерекеге жиналған әрбіріңіздің үміттеріңіз ақталып, әрбір отбасында арман - тілектеріңіз орындалсын!
Қош келдіңіз бүгінгі кешімізге,
Жаңа табыс тілейік ісімізге.
Келе жатқан жаңа жыл құт әкелсін,
Мына отырған барша жан бәрімізге.
Сіз де қош келдіңіз, Барс жылы! Сіздің биылғы жылыңыз да құтты болды. Заман дағдарысына қарамастан молшылық болды. Өз жылыңызға ризасыз ба?
Барс жылы: Әрине ризамын. Биылғы менің жылымда көптеген жаңалықтар болды. Ең қуанышты күн- «Тәуелсіздіктің 31 жылдық» мерейтойын атап өту болды. Тәуелсіздік жасасын! Тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын! Алға, Қазақстан!

жүргізуші: Бүгінгі шырша тойымызда да көптеген қызықты әндер де, билер де, күтпеген таңғажайып оқиғалар болуы мүмкін. Құрметті жамағат жүрекке жылылық ұялатар алғашқы жаңа жылдық құттықтау сөзді ақыл ойы жетілген, саналы ұрпақты сезімі сергек, арманшыл дана ұрпақты тәрбиелеп жатқан білім ұясының білікті басшысы Батырхан Сансызбаевқв береміз.

Жүргізуші: Осындай ғажап тілектен кейін, біз енді ертегілер еліне саяхат жасап, жаңа жылымызды әрі қарай мерекелейік.

Айнала қоршап шыршаны,

Шашылар шашу – жыр әні.

Мынау әсем шыршаға,

Қош келдіңіз балалар!

Жүргізуші:. Балалар ертегі кейіпкерлерімен бірге шыршаны айналып «Шырша» әнін айтайық.

(Гномдар балалардың шыршаны айналуын ұйымдастырады). - Балалар шырша тойына гномдар, сиқыршы да келіпті. (Сахна төріне шығып)

гном: Армысыздар, Халайық!

2- гном: Жақсы жайғастыңыздар ма, қымбатты достарым? Бәрі естіліп, көрініп тұр ма? Бәріңізге орын жетті ме?

1- гном: Сендермен кездескендерімізге өте қуаныштымыз! Біз бүгін жаңа жылдық мерекені тойлағалы отырмыз.
2- гном: Бүгінгі мерекемізді көңілді өткізейік! Жарай ма!
1- гном: Біз мұнда жай отыру үшін емес, ән айтып, би билеуге келдік. Сондықтан көңіл көтерейік..

Гномдар: ортаға шығып жаңа жылдық әуенмен балаларға қимылдарын бірге қайталауды өтініп, флешмоп билейді.
Жүргізуші: - Өзінің сиқырлы күшімен талайды достастырып, жамандықты жақсылықпен жеңе білген, ол кім, балалар?

(хормен «сиқыршы» деп айта білулері керек) - Сіз, бізге көмектесіңізші, біздің Аяз атамыз бен Ақшақарымыз кешігіп жатыр. Ертегілер еліне саяхат жасау арқылы қайда жүргенін біліп бермейсіз бе?
Сиқыршы: Жаңа жылдарыңызбен балалар, қонақтар! Қолымнан келгенінше көмектесейін. Сиқырлы таяғымен сиқырлайды.

(музыка ойналады)

Сахна ашылып, (көрініс) қасқыр ешкінің үйін торуылдап жүреді. Ешкі себетін арқалап орманға кетіп бара жатады. Аяз ата орман ішін аралап келе жатып көріп қалады.
АЯЗ АТА:- Ей қасқыр, әлі торуылдап жүрсің бе? Жаңа жылда барлық әлемде жақсылық, достық орнауы тиіс. Сондықтан, сен бұл қылығыңды қой. Жүр менімен, балалар күтіп отыр, мерекеге барайық.
Қасқыр: - Жарайды, Аяз ата сіздің айтқаныңызды тыңдайын. Жолда келе жатып, ағаштың түбінде тығылып отырған түлкіні көріп қалады.
АЯЗАТА: - Ей, қу түлкі енді кімді алдасам деп отырсың ба? - Жүр бізбенен шырша тойына барайық, балалармен көңіл көтерейік.
Түлкі: - Айтқаныңыз болсын.
Музыка ойналып Аяз ата ертегі кейіпкерлерімен шырша жанына келеді.
АЯЗАТА: - Амансыздар ма балалар, қонақтар! Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!

2-жүргізуші: Сәлеметсіз бе, Ата! Балалар сізді асыға күтіп отыр.
АЯЗАТА: - Балалар! Мен орман ішінде келе жатқанда, Ақшақар қызымнан адасып қалдым. Сіздер көрген жоқсыздар ма? - Кәне бәріміз қарша қызды дауыстап шақырайық.
(Балалар дауыстайды Ақ-ша- қар)

Сиқыршы – Мен көмектесейін! Қалай ойлайсыздар?! (Сиқырлы таяқшасымен сиқырлайды. Сиқырлы әуен ойналады). Әсем әуен ойналып Ақшақар кіреді.
АҚШАҚАР: - Сәлеметсіздер ме балалар, қонақтар! Сіздерге келе жатқанда орман ішін қызықтаймын деп, Аяз атамнан адасып қалдым. - Рахмет сиқыршы! Рахмет!
жүргізуші – Ақшақар, балалар сізді асыға күткен еді. АТА, сіз шаршаған боларсыз, дем алыңыз. (Аяз ата тағына отырады).
АҚШАҚАР: - Мен секілді қарша қыздар бар екен ғой, менің билегім келіп тұр.

Жүргізуші: Иә, бұл «Ботақан»тобының қыздары!

Жаңа жылды біз тойлап.

Шаттанамыз баріміз,

Өленде әзір биде әзір.

Кел жаңа жыл біздерге,

Кел жаңа жыл,жаңа жыл деп келесі кезекті биге берейік.

«АҚШАҚАРЛАР» биін қарсы алыңыздар!

Би соңында Ақшақар қар жауғызады.
2-жүргізуші:.
Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.
«Жаңа жылмен құттықтаймын» деген үн,
Қанаттана кең алқапқа тарайды – дегендей, Ұл-қыздарымыздың өлең шумақтарын қабыл алыңыздар.

Мадина:

Жаңа жылым мол болсын,

Басқан қадам оң болсын.

Төрле,төрле жаңа-жыл,

Бізге құтты жыл болсын.

Марям:

Жаңа жылда балалар,

Тек қуаныш көріңдер.

Ауырмаңдар ешқашан,

Мықты болу өзіңнен.

Чарос:

Жасыл желең жамылған,

Асыл моншақ тағылған.

Міне сұлу шыршамыз,

Көптен күтіп сағынған.

Мустафа:

Алақай,алақай!

Қар жауып тұр балақай,

Жүр шанаңды алып шық,

Киіп алып балақай.

Мадина:

Сақалы аппақ күмістей,

Тістері аппақ күріштей.

Қызыл-ала шапаны,

Сағындым Аяз атаны.

Дурдоно:

Жылдыңс әнін бастайын,

Аяз-ата кеп қалды.

Майысады жас қайың,

Көтере алмай көп қарды.

Нурмухаммад:

Бақша іші мереке,

Ойын күлкі асқақ ән.

Жақсы әпкелер жаңа көп,

Мерекені бастаған.

Али:

Ақ таяғын таянып,

Таңмен бірге оянып.

Аяз ата келіп тұр,

Ақ күпіге оранып.

жүргізуші:

Қарсы алайық бәріміз,
Қошеметпен, құрметпен
Бишілерімізді ырғалтып,
Қол соғып биік шыңға самғатып»- дей келе,

«Снеговик»биімен қыздарымызды шақырамыз.

Жүргізуші:өте керемет би екен жарайсыңдар!

Нам праздник весёлый зима принесла,
Зелёная ёлка к нам в гости пришла.
Она в тепле растаяла, расправила иголочки.
И с песнями весёлыми пришли мы к нашей ёлочке.
Будем вместе веселиться,
Песни петь и танцевать
И под ёлочкой пушистой,
Будем мы стихи читать.

(дети читают стихи)

Чарос

Бусики нарядные,

Шарики блестят.

Елочка красавица,

Радует ребят.

Анара:

Елочка,елочка,

Зеленая иголочка.

Ты гырляндами гори,

И подарки подари.

Мариям:

С новым годом поздравляю,

Всех друзейи всех подруг.

Маму,папу,брата,кошку,

И конечно,всех вокруг.

Имран:

Елка,елка новый год,

Дед мороз сейчас придет.

Он такой хороший дед,

Нам подарит подарки.

2-жүргізуші: Жаңа жылды қарсы алып,
Жасаймыз той жылда бір.
Жарқын - жарқын ән салып,
Жалғасады жырға жыр.

Ән:Шырша жыры хор

АЯЗАТА: - Ой, мына балалардың барлығы өнерлі екен! Менің де билегім келіп кетті ғой. Қәне менің кішкене көмекшілерім қайда екен? ... Аяз ата балалармен Гномдар биін билейді.

Би: «Гноми - гном»

Жүргізуші;Аяз-ата мына қалтадағы сыйлықтарыңыз көп сияқты біздің балаларға бересізба?

Аяз –ата:Ия беремін,бірақ менің бір шартым бар.

Жүргізуші:Ол қандай шарт екен?

Аяз-ата:Балалар мені мен және көмекшілерімен ойын ойнаулары қажет.

Жүргізуші:Балалар ойнаймызба?

Балалар:Ия!

Ойындар: 1-ойын: Жаңа жылдық сайыс .

Қалпаққа бір-бір сүрет кішкентай қағаздар салынады. Мысалы, шырша, мұз, қар, Аяз Ата, тб. Әрбір ойыншы кезекпен қағазды алып, сонда не бейнелгенін айтып түсінік беру керек.

Бүгін сізге жырдан алқа тағайын,
Шат күлкіге толы болсын маңайың.
Көргендер де көрмегенде арманда.
Жаңа жылың құтты болсын ағайын-дей отыра балаларымыздың өлең шумақтарына кезек берсек.

Зилоло:

Жаңа жыл,жаңа жыл,

Жаңа жылға, жаңа жыр.

Жасыл шырша жанында,

Билеп барлық бала жүр.

Дилбек:

Тамаша,тамаша,

Шыршамыз тұр жараса.

Басында әсем жұлдызы,

Көз тоймайды қараса.

Мубина:

Жаңадан тақпақ,

Аламыз жаттап.

Жаңа жыл келді,

Жаңа жыл аппақ.

Бунед:

Қуантып елді,

Жаңа жыл келді.

Өсетін болдық ,

Бір жасқа енді.

Дилнура:

Жапалақтап ақша қар,

Жауды күнде қайталап.

Қырға шықты балалар,

Шаңғыларын арқалап.

Ибадуллаев Рамазан:

Безендіріп шыршаны,

Жыл қуантты баршаны.

Той маскарад басталды,

Аяз оны басқарды.

Раяна:

Жаңа жылда бақшамыз,

Гүлдей болып жайнасын.

Аман болсын барлық бала,

Шат-шадыман болсын бала.

Ой балалар, менің де мерекеде көңілім көтеріліп қалды! Сендермен қоштасатын кез де келіп қалыпты. Менің жылымда сіздерге молшылық, бақыт әкелдім. Мына келер жылға айтар тілегім бар.

Қуанышты ортамыз сазға ұласқан,

Тілегім болсын мәңгі ашық аспан.

2025 жыл қадам басқан,

Гүлденіп көркейе бер, Қазақстаным! Келесі жыл бастауын қоянға беремін. Сау болыңыздар! Барыс жылы қоштасып, шығып кетеді.

Барлығы: Қош бол, Барыс жылы, қош бол!

жүргізуші: Балалар сағат соғылып, әсем әуен ойналады. Есік қағылып Жаңа жыл « қоян » кіреді.

Қоян жылы: Армысыздар балалар, Бармысыздар халайық!
Жаңа жылда жұп жазбай Келіңдер қарсы алайық!
Жақсылыққа бағыт алған, Қоянмын мен Жаңа жыл!
Жаңа жылда барлығыңыз, Жаңа үміт таба біл.

Жаңа жылдың мерекесін, Мерекеге жалғаймын!
Елде, жерде, табиғатта, Бақыт жолды қолдаймын!
жүргізуші : - Қонысыңыз құтты болсын Қоян жылы.

Қонарсыз төрімізге ырыс болып.
АҚШАҚАР: Қош келдің Жаңа жыл!
АЯЗАТА: Ал айналайын, Жаңа жыл, келген қадамыңа нұр бітсін! Мынау менің ұлдарыммен қыздарым, мынау халқым саған аманат! Он екі ай бо́йы бағып қағу сенің мойныңда. Жақсы жыл бол, Жаңа жыл!
АЯЗ АТА: Ой, бәрекелді, балаларым! Әсем ән шырқап, би билеп аталарыңды бір қуантып тастадыңдар. Көп - көп рахмет! Өркендерің өссін! Енді Ақшақар екеуміз аттанайық! Баршаңызбен қоштасамыз, сау болыңыздар!
АҚШАҚАР: Сау болыңыздар балалар, келесі жаңа жылда кездескенше!
Барлығы: Сау болыңыз Аяз ата! Сау болыңыз Ақшақар! (Әсем әуенмен, Аяз ата мен Ақшақар қоштасып, шығып кетеді)
жүргізуші: Міне, жаңа 2023-да келді. Ал 2023 жылы елімізге тыныштық болып, ырыс - құтымыз арылмасын!
жүргізуші: Жаңа жыл - әрбіріңіздің отбасыңызға жаңа нұр, жаңа шуақ, табыс пен береке, қуаныш пен мереке алып келсін! Жаңа жыл баршамыз үшін берекелі, мерекелі жыл болсын! Келесі жаңа жылда кездескенше аман - сау болайық! Бірге: Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!

Төрлет Жаңа Жыл-2025!





БЕКІТЕМІН:
ЖШС-гі «Ақжайық» бөбекжай-балабақшасы
Меңгерушісі: Б. Сансызбаев

ЕРТЕҢГІЛІК

Тақырыбы: «1 Наурыз-Алғыс айту күні»

«Гүлдер» тобы

Тәрбиеші : А.Хакимова

2024-2025 оқу жылы

1 Наурыз – Алғыс айту күні

Мақсаты: Балаларға алғыс айтудың маңызын түсіндіру, үлкендерді құрметтеуге, достыққа тәрбиелеу.

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті қонақтар, ата-аналар және бүлдіршіндер!

Бүгін біз ерекше мереке – Алғыс айту күнін атап өтпекпіз. Бұл күні бір-бірімізге жақсы сөз айтып, ризашылығымызды білдіреміз.

Балалар бірге:

Рақмет саған, туған жер,

Рақмет саған, туған ел!

Бақытты өмір сыйлаған,

Қазақстан – туған жер!

Тақпақтар

Сафина:

Алғыс айту – парызым,

Жақсылыққа қарызбын.

Ата-анам, ұстазым,

Сіздерге мың алғысым!

Мадина:

Рақмет айтам достарға,

Көмектескен әр таңда.

Тату болып жүрейік,

Қуаныш толсын ортамызға!

Анара:

Анашым мен әкеме,

Алғысымды арнаймын.

Мейірімге бөлеген,

Жақсылықты аңсаймын.

Ән

«Рақмет саған, «Қазақстаным» әні орындалады.

Ойын: «Жылы сөздер»

Жүргізуші балаларға жүрекше береді. Әр бала жүрекшені алып, бір жылы сөз айтады:

«Рақмет», «Қамқорлығыңызға рахмет», «Досым болғаның үшін рақмет» және т.б.

Би

Балалардың мерекелік биі.

Қорытынды

Жүргізуші:

Балалар, әрдайым ата-аналарыңа, тәрбиешілеріңе, достарыңа алғыс айтып жүріңдер. Жақсы сөз – жанға қуат береді.

Балалар бірге:

Алғысымыз шексіз!

Бейбіт өмір жасасын!

Қазақстан жасасын!

Жүргізуші:

Осымен «Алғыс айту күніне» арналған мерекелік іс-шарамыз аяқталды. рақмет!

Алғыс айту күні





Бекітемін:

ЖШС-гі «Ақжайық» бөбекжай-балабақшасы

Меңгерушісі _____ Б.Сансызбаев

«Гүлдер»тобы

Ертеңгілік

Тақырыбы: **«Ана – аса қымбатты жан»**

Тәрбиеші: Хакимова А

2024-2025 оқу жылы

Ересек «Гүлдер» тобына арналған 8 наурыз мерекесінің ертеңгілік сценарийі
Тақырыбы: «Ана – аса қымбатты жан»

Мақсаты:

Көктем мезгілі туралы балаларға түсінік беру.Көктем мезгілінде болатын өзгерістер туралы балалардың ой-санасын дамыту.Көктем мезгілінің мерекелерінің бірі 8 наурыз «Халықаралық әйелдер күні»жайлы айтып өту.Әйел затын құрметтеуге ,аналарына ,қарындас, әпке,әжелеріне ,құрбы-құрдастарына құрмет көрсетіп,сыйлауға тәрбиелеу.

Жүргізуші

Құрметті аналар, әжелер сіздерді әйел жанымен байланысты тамаша көктем мерекесі – 8 Наурызбен шын жүректен құттықтаймыз! Алғашқы көктем мерекесі Жер бетіне өмір сыйлаушы нәзік, ақылды, сымбатты, мейірімді жандарға арналғаны қандай тамаша мереке.

Олай болса, бүгінгі аналарға, әжелерімізге арналған « Гүлдер» тобының бүлдіршіндерінің «Ана — аса қымбат жан!» ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

(Балалар қол ұстасып кіреді)

Той пердесін ашайық,

Тойға шашу шашайық.

Аналарды құрметтеп,

Ән маржанын шашайық.

Хор: «Анашым»

Жүргізуші

«Ананың әрбір сөзі жылылыққа толы. Ананың көз нұры тастай мұзды да жібітеді» — демекші, балаларымыздың аналарына арнаған тақпақтарын қабыл алыңыздар!

Төрежан Дінмұхаммед

Мен анамды сүйемін

Сөзін ойға түйемін

Анашымды ардақтап

Басымды оған иемін

Рустам Чарос

Ақ жаулықты әжемді

Ай жүзіне теңедім

Мейірімін таусылмас

Күн нұрына теңедім

Алидин Мадина

Ана біздің күніміз

Ана біздің гүліміз

Аналардан тарайды

Біздің ана тіліміз

Бахадирова Каусар

Бесіктегі әнімен

Тербетеді аналар

Жасай берсін сәнімен

Жер бетінде аналар

Алимжанов Дилнур

Мәпелейсің мені анам

Қолыңдағы құсыңдай

Құлпыра өсіп дем алам

Құшағыңда қысылмай

Багардинов Озодбек

Әр сөзімді жаттаған

Жүрегімде сақтаған

Анашым деп мақтанам

Айналайын ақ анам

Жүргізуші

Аналар ақ тілекті, сөз көп дейін,

Жылытар жүрегіңді көз көп дейін

Аналар ақ жаулықты бұл сіздерге

Қол соғып қарсы алайық **«Гүлдер»** биін

Жүргізуші

Балаларымыздың келесі өлең шумақтарын қарсы алайық.

Азимрова Анара

Мәпелеп мені өсірген
Ризамын мен өзіңе
Ана деген керемет
Сыйлап өтем өмірде

Уткиров Мұстафа

Ақ сүт берген балаңа
Күш жігерін жұмсаған
Бұл өмірде жан ана
Тең келеді кім саған

Абдуллаев Али

Теңдесі жоқ данасың
Арқа сүйер панасың
Еңбегіңді ақтаймын
Аман болшы анашым

Яхупова Сафина

Аспандағы айымсың
Бақытыма балаған
Құтты болсын мерекең
Айналайын жан анам

Мухаммаднабиева Мариям
Шашымды өріп тараған
Қабағыма қараған
Үлкен кіші демейді
Сыйлайды оны бар адам

Жүргізуші

Келесі кезекте ұлдарымыздың орындауында «Флешмоб»

Жүргізуші

Келесі кезекте балапандарымыздың ата аналарын ортаға шақырсақ

«Ерке балам»ойыны арқылы аналарымыздың интуициясын тексереміз.

(Аналарымызды ортаға шақырып өз баласын табу ойынын ойнату)

Жүргізуші

.Ендеше құрметті аналар бүлдіршіндеріміздің орындауында **«Барбарики»** биін тамашалаңыздар.

Жүргізуші

Мерекені қарсы алып,

Мәз болғанда барша жұрт,

Гүл ұсынып қыздарға,

Сыйлық бердім ұлдарым — дей отырып қыздарға арналған сыйлығымызды табыс етуге рұқсат етіңіздер. (Ұлдар қыздарға сыйлықтарын табыс етеді)

Жүргізуші

Қымбатты да аяулы аналар мен әжелер!

Мерекедлеріңіз құтты болсын!

Әлемдегі ең сұлу,ең мейірімді,ең қамқор адам осы отырған сіздерсіздер.Дендеріңіз сау,көңілдеріңіз шат болсын,әрқашан аман болайық! Сөз соңында ортаға балабақшамыздың меңгерушісі Сансызбаев Батырхан мырзаға,әдіскер Хуршида апайға сөз кезегін берсек.

8-Наурыз «Аналар күні»







БЕКІТЕМІН:
ЖШС-гі «Ақжайық» бөбекжай-балабақшасы
Меңгерушісі: Б. Сансызбаев



ЕРТЕҢГІЛІК

Тақырыбы: «Армысың,Өз Наурыз!»

«Барлық» топ

Тәрбиешілер: А.Хакимова

Г.Салимбаева

2024-2025 оқу жылы

«Армысың, Әз Наурыз!» атты мерекелік іс-шара

1-бөлім. Қонақтарды қарсы алу

Күй әуені ойнап тұрады. Балалар ұлттық киіммен залға кіреді.

Жүргізуші:

Құрметті қонақтар, ата-аналар, әріптестер!

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен құттықтаймыз!

Хор

«Наурыз келді!» әні

2-бөлім. Тақпақтар шеруі

кезекпен тақпақ айтады.

- Наурыз туралы
- Көктем туралы
- Қазақстан туралы
- Достық туралы

3-бөлім. Көктем аруларының биі

Қыздардың «Көктем гүлі» биі.

4-бөлім. Көрініс «Қыдыр ата келді ауылға»

Кейіпкерлер:

- Жүргізуші
- Қыдыр ата
- Әже
- Ата
- Балалар

Қыдыр ата балаларға бата береді.

Қыдыр ата:

Ұлыс оң болсын!

Ақ мол болсын!

Дендерің сау,

Білімдерің мол болсын!

Балалар:

Қош келдіңіз, Қыдыр ата

5-бөлім. Ұлттық ойындар (10 минут)

1. Арқан тарту

(Ұлдар мен қыздар)

2. Асық жинау

3. Орамал тастау

Ата-аналарды да қатыстырып өткізуге болады.

6-бөлім. «Наурыз көже» көрінісі

Жеті бала жеті дәмді таныстырады:

- Су
- Тұз
- Ет
- Май
- Сүт
- Тары
- Құрт

Әр бала өз дәмінің маңызын айтады.

7-бөлім. Ән шашу (5 минут)

1. «Домбыра» әні

2. «Наурыз-думан» әні

8-бөлім. «Қара жорға» биі (3 минут)

Барлық балалар бірге билейді.

9-бөлім. Әжелердің шашуы

Әжелер ортаға шығып шашу шашады.

10-бөлім. Қорытынды және бата

Қыдыр ата:

Бақ қонсын еліме,

Құт қонсын жеріме.

Береке толсын төріңе,

Бақыт қонсын өміріңе!

Әумин!

Барлық балалар бірге:

Ұлыс оң болсын!

Ақ мол болсын!

Наурыз құтты болсын!

Финалдық ән

«Атамекен» немесе «Наурыз келді» әні.

Жүргізуші:

Құрметті қонақтар! Наурыз мерекесі әр шаңыраққа бақ-береке, ырыс пен ынтымақ әкелсін! Келгендеріңізге рақмет!

Наурыз құтты болсын!









Бекітемін:

ЖШС-гі «Ақжайық» бөбекжай-балабақшасы

Меңгерушісі_____ Б.Сансызбаев

«Гүлдер»тобы

Ашық ұйымдастырылған іс әрекет

Тақырыбы: «Береке-бірлікте,Ырыс-ынтымақта»

Тәрбиеші: Хакимова А

Эркинова С

2024-2025 оқу жылы

Ересек «Гүлдер» тобына арналған 1 мамыр мерекесінің ашық ұйымдастырылған іс әрекеті.
Тақырыбы: «Береке-бірлікте, ырыс-ынтымақта»

Мақсаты: Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейтіп, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу. Көрнекіліктер: Ұрандар, қима көгершіндер, шарлар, гүлдер, ұлттық костюмдер. (Ән ұран орындалады.)

Тәрбиеші: Бірлік пен ынтымағы халықтың - Көгімізде жарасқан жарық күн! Ырыс, дәулет бақыты үшін халықтың, Жайнай берсін, жайнай берсін алтын күн! - дей келе Қазақстан халқының бірлігіне арналған «Береке-бірлікте, ырыс-ынтымақта» атты ашық сабағымызда бастаймыз.

Тәрбиеші: Бұл мереке «Дүниежүзілік ынтымақтастық күні» болып тойланды.

Балаларымыздың «ынтымақтастық күніне»арналған өлең шумақтарын қабыл алыңыздар.

Али:
Әрқашан дос біргеміз,
Ажырамас іргеміз.
Ілгері жүріңдер,
Достық жырын біліңдер.

Мадина:
Берік болса бірлугім—
Биік болар жұлдызым.
Бақытты боп ұл-қызым,
Күлімдесін нұр жүзің.

Анара:
Дос болып түрлі халықтар,
Жасайтұғын ғасырмын.
Бақыт шыңын әлемге,
Ұмытылмас асылмын.

Элбек:
Біз балдырған тең басқан,
Дос құшағын кеңге ашқан.
Тілегіміз әділдік,
Ашық болсын кең аспар

Сафина:
Праздник радости встречаем,
Мы в стране своей родной.
С первым мая,С первым мая,
С первым мая,и весной.

Озодбек:
Достықты үлгі санаған,
Бір үйле біз тұрамыз.
Қалған ата-бабадан,
Бірлік асыл мұрамыз.

Тәрбиеші:
(Сұрақ жауап ойыны)

Тәрбиеші:
Келесі балалардың орындауында "Ұлттар биі"

Тәрбиеші:
Отаным ордасы ғой игіліктің,
Көңіліне күн орнатқан күлкі жұрттың.
Шаңырағы кең биіктен Отанымның,
Баянды бағы өрлеген әрбір ұлттың!
-демекші балаларымыздың келесі өлең шумақтарын құлақ сала тыңдаймыз.

Мұстафа:
Бейбітшілік ұраны,
Жарқыраған алтын күн.
Ән қанатты қыраны,
Еркіндігі халқымның.

Чарос:
Дос болайық бәріміз,
Жарасып тұр әніміз.
Тыныштықты сақтаймыз,
Атсын күліп таңымыз.

Кәусар:
Сары,ақпыз, қарамыз,
Бәріміз де баламыз.
Бір отанда тұрамыз,
Бір мектепке барамыз.

Димаш:
Алтай,Кавказ ұласып,
Баурайы бұйрат кең жатыр.
Бақыттың әні асқақтап,
Құлақда даусы кеп жатыр.

Тәрбиеші:
Келесі балалармен ойынымыз «Қай елдің туы» ойынын ойнаймыз.

Тәрбиеші:
Осымен ашық сабағымызды аяқтаймыз. Көріп тамашалағандарыңызға көп рахмет.

1-Мамыр Қазақстан халқының бірлік күні









БЕКІТЕМІН:
ЖШС-гі «Ақжайық» бөбекжай-балабақшасы
Меңгерушісі: Б. Сансызбаев

ЕРТЕҢГІЛІК

Тақырыбы: «Жеңіс күні-мәңгілік ел есінде»

«Гүлдер» ересек топ

Тәрбиеші: А.Хакимова

2024-2025 оқу жылы

Ашық оқу іс-әрекеті

Тақырыбы: «Жеңіс күні – мәңгілік ел есінде»

Білім беру саласы: Қатынас, Әлеумет

Мақсаты: Балаларға 9 Мамыр – Жеңіс күні туралы түсінік беру, Отанды сүюге, батырларды құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер:

Соғыс ардагерлерінің суреттері, Қазақстан туы, гүлдер, мәңгілік алау бейнесі.

Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиеші:

Балалар, бүгін біз қандай мереке туралы әңгімелесеміз?

Балалар:

Жеңіс күні туралы.

Тәрбиеші:

Дұрыс айтасыңдар. 9 Мамыр – Жеңіс күні. Бұл күні біз Отанымызды қорғаған батыр аталарымызды еске аламыз.

Әңгімелесу

- Отан дегеніміз не?

- Батыр деген кім?

- Біз бейбіт өмір үшін кімдерге алғыс айтамыз?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Тақпақтар

Шамсиддин-:

Жеңіс күні – ұлы күн,

Жасасын бейбіт тірлігім.

Ерлік еткен аталар,

Мақтанамыз біз бүгін.

Имран:

Бейбіт күннің бағасын,

Білеміз біз әрқашан.

Ардагерге мың алғыс,

Бақыт сыйлап баршаға.

Айзере:

Көк туымыз желбіреп,

Тәуелсіз ел тұр биікте.

Батырлардың ерлігі,

Қалады мәңгі жүректе.

Сергіту сәті

Біз батырмыз күштіміз,

Отанымды сүйеміз.

Бір, екі, үш деп санайық,

Биікке қол созайық.

Ойын «Туды құрастыр»

Балалар екі топқа бөлініп, Қазақстан туын бөліктерден құрастырады.

Дидактикалық ойын

«Артық затты тап»

Суреттер арасынан әскери мамандықтарға қатысты заттарды табу.

Ән

«Әрқашан күн сөнбесін»

Балалар бірге орындайды.

Қорытынды

Тәрбиеші:

Балалар, біз бүгін не туралы білдік?

Балалардың жауаптары.

Жеңіс күні – бейбіт өмір сыйлаған батырларға құрмет көрсететін күн. Біз әрқашан Отанымызды жақсы көріп, еліміздің мақтанышы болуымыз керек.

Қорытындылау

Балаларға естелік жұлдызшалар таратылады.

Барлығы бірге:

Жеңіс күні құтты болсын!

Бейбітшілік жасасын!

7-Мамыр Отан қорғаушылар күні





Бекітемін
ЖШС-гі «Ақжайық» бөбекжай-балабақшасы
Меңгерушісі: Б. Сансызбаев

Ертеңгілік

Тақырыбы: «Балалық шақ-бақыт мекені»

«Гүлдер» тобы

Тәрбиеші :А.Хакимова

2024-2025 оқу жылы

«Балалық шақ – бақыт мекені»

1 Маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні

Мерекенің басталуы

(Көңілді әуен ойнап тұрады. Балалар алаңға немесе залға шарлармен кіреді.)

Жүргізуші:

Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Бүгін ерекше күн. Бүгін – күлкі күні, қуаныш күні, достық күні! Өйткені бүгін – Балаларды қорғау күні!

Балалар, сендер саяхатқа шыққыларың келе ме?

Балалар: Иә!

Жүргізуші:

Онда біз «Бақытты балалық шақ еліне» саяхатқа аттанамыз!

1-аялдама: «Күлкілер қаласы»

Ортаға Қуыршақ немесе Сайқымазақ келеді.

Сайқымазақ:

Менің қалама кіру үшін бәрің ең әдемі күлкілеріңді көрсету керек!

Ойын: «Кім күлкілі?»

Балалар әртүрлі жануарлардың дауысын салып, қимылдарын көрсетеді.

2-аялдама: «Достық аралы»

Ойын: «Досыңды тап»

Балалар музыкамен жүреді. Музыка тоқтағанда жұптасып тұрады.

Би

«Достық биі»

3-аялдама: «Ертегілер әлемі»

Ортаға ертегі кейіпкерлері келеді.

Балаларға жұмбақтар жасырады.

Жұмбақ сайысы

Жеңімпаздарға жұлдызшалар беріледі.

4-аялдама: «Спортшылар елі»

Эстафета

- Доппен жүгіру
- Секіртпемен жүру
- Кедергіден өту

5-аялдама: «Өнерлі балалар мекені»

Ән

«Бала тілегі»

Тақпақтар

Балалар өз өнерлерін көрсетеді.

Би

Қыздардың немесе ұлдардың биі.

6-аялдама: «Тәттілер патшалығы»

Ортаға Тәттілер ханшайымы келеді.

Тәттілер ханшайымы:

Менің сыйлығымды алу үшін бәрің бірге би биленңдер!

Флешмоб

Барлық балалар мен ата-аналар бірге билейді.

Қорытынды

Жүргізуші:

Бүгін біз достықтың, күлкінің, қуаныштың мекеніне саяхат жасадық.

Балалар, әрқашан жүздеріңнен күлкі кетпесін!

Бақытты балалық шақ тілейміз!

Барлығы бірге:

Біз бақытты баламыз!

Біз көңілді баламыз!

Мерекеміз құтты болсын!

(Балаларға тәттілер мен сыйлықтар таратылады.)

Бекітемін
ЖШС-гі «Ақжайық» бөбекжай-балабақшасы
Меңгерушісі: Б. Сансызбаев

Ертеңгілік

Тақырыбы: **«Менің отаным- Қазақстан»**

«Гүлдер» тобы

Тәрбиеші :А.Хакимова

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Менің Отаным – Қазақстан»

Мақсаты:

Балалардың Қазақстан туралы білімдерін кеңейту, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу.

Шаттық шеңбері

Көк аспаным ашылсын,

Күн нұры мол шашылсын.

Тәуелсіз елдің ұланы,

Бақытты болып өсемін!

Әңгімелесу

Тәрбиеші:

– Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады?

– Қазақстан қандай ел?

– Қазақстанның астанасы қай қала?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Көрнекілікпен жұмыс

Қазақстан картасын көрсету.

Сұрақтар:

- Біздің Туымыз қандай түсті?

- Елтаңбада не бейнеленген?

- Әнұранды қашан орындаймыз?

Тақпақтар

Мустафа:

Отаным – Қазақстан,

Мақтанамын әрқашан.

Тәуелсіз елдің ұланы,

Боламын мен жақсы адам.

Сафина:

Көк байрағым желбіреп,

Биікте тұр мәңгілік.

Қазақстан жасасын,

Бейбіт өмір сәнділік.

Сергіту сәті

Оңға бұрыл, солға бұрыл,

Біз бақытты баламыз.

Туған жерді сүйеміз,

Биіктерге барамыз.

Дидактикалық ойын

«Рәміздерді орналастыр»

Балалар Ту, Елтаңба, Әнұран суреттерін дұрыс орналастырады.

Ойын

«Көк туды жеткіз»

Эстафеталық ойын.

Ән

«Менің Қазақстаным»

Қорытынды

Тәрбиеші:

Біз қандай елде тұрамыз?

Балалар:

Қазақстанда!

Тәрбиеші:

Отанымызды жақсы көрейік, еліміздің мақтанышы болайық!

Барлығы бірге:

«Қазақстан жасасын!»



